Можно выполнить редактирование, поиск, сортировку записей таблицы. Таким образом импортируются различные таблицы без ограничения количества записей.

Данная методика была использована студентами специальности «Вычислительная тех-

ника и программное обеспечение» для создания мультимедийных сайтов. Использование графического контента и базы данных позволяет повысить функциональность web-ресурса, его наглядность и информативность.

Литература

1. International Digital Multimedia & Entertainment Technology Exhibition & Conference Broadcast Asia, 2014.
2. Нильсен Я., Лоранжер Х. Web-дизайн: удобство использования Web-сайтов / Пер. с англ. – М.: ООО «И.Д. Вильямс», 2007. – 368 с.
3. Хассей Т. WordPress. Создание сайтов для начинающих (+ CD-ROM) / Пер. с англ. и ред. М.А. Райтмана. – М.: Эксмо, 2012. – 432 с.

Tүйін

Айтылмыш макалада қазіргі мультимедиа ақыпқұлдар және мультимедиалық контенттің орналастыру-әдістемесі Word Press ортасында көлтірілген.

Summary

In this article there is description of modern multimedia devices and are given the method to host digital multimedia content on the WordPress CMS.



ӘОЖ 316.42/364(574)

*A.E. Тұякова, м.э.к., доцент қ.а.
ҚазЭКХСУ*

ҚАЗАҚСТАНДА ӘЛЕУМЕТТИК КӨМЕКТІҢ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ДАМУЫ

Макала Қазақстанда әлеуметтік көмектің пайда болуы мен дамуы идеясына негізделеді. Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігіне қолы жетіп, егеменді ел ретінде жаңа сапалық сатыға көтерілген танда өзінің ұлттық болмысы, әлеуметтік жұмыстың қалыптасуы мен дамуының өзектілігі зерттеліп, жан-жақты қарастырылған.

Негізгі ұғымдар: әлеуметтік көмек, әлеуметтік қолдау, көмек түрлері, «асар», жұмыссыздық, «жылу».

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігіне қолы жетіп, егеменді ел ретінде жаңа сапалық сатыға көтерілген танда, өзінің ұлттық болмысын, әлеуметтік көмектің пайда болуы мен дамуын зерттеуге қызығушылық танытты.

Қазақ халқының төл тарихындағы, дәстүрлі ру-тайпалық көмек құрылымы, тарихы аз зерттелген мәселелердің бірі болды. Осы тұрғыдан алып қарағанда, ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауында: «Әлеуметтік инфракүрылымдарды дамыту. Бірінші кезекте, бұл – апартты мектептер мен үш ауысымда оқыту проблемаларын шешу. Бұл – біздің сайлаудалы тұғырнамамыздың негізгі индикаторларының бірі. Ушқылдық бюджетте қарастырылған қаржы бұл проблеманы 2017 ж. дейін шешуге мүмкіндік бермейді. Соңдықтан Үкіметке қосымша 70 млрд теңге бағыттауды тапсырамын. Балалар бақшасының жетіспеушілігі – басқа мәселе. Мектепке дейінгі мекемелерде орындар тапшылышын түбебейлі қысқарту үшін 3 жыл бойы қосымша 20 млрд теңге бағыттауды тапсырамын. Әкімдер жеке секторды тарта отырып, бұл жұмыспен барынша айналысусы тиіс» [1] – деп атап кеткендей, Қазақстанның дамыған мемлекеттер қатарына енүі үшін алдымен әлеуметтік жағдайларға көп көніл бөліну керек.

Әлеуметтік бағдарланған нарықтық эко-

номика жағдайларында өндіріс тиімділігі мен халықтың әлеуметтік қорғалуы мәселелері қызмет саласын шаруашылықтандыру механизмін жетілдіруін талап етеді. Сонымен экономикалық өсімнің субъективті факторы – адамның, адам капиталының рөлі мен мәні өседі. Олай болса, Қазақстанда әлеуметтік көмектің пайда болуына тоқталсақ, қазақ даласында қашанда болмасын әлеуметтік мәселелерді шешу мақсатында каншама көмек түрлері болғаны анық.

Дала аудандарында жер пайдаланудың қауымдық түрі үстем болған. Қошпелі рулардың барлық мүшелері пайдалану құқығына ие болған, ру басылар (аксүйектер) жайылым жерлерді басқару құқығын өздеріне алған. Хандықтың барлық аумагы Шыңғыс хан руының іелігінде болған. Жерлердің жоғарғы реттеушісі хан. Негізгі жеке және отбасылық меншік – мал. Мал – қошпенділер байлығының негізгі өлшемі.

Қазақстанның онтүстік аудандарында феодалдық жер пайдаланудың және жер меншігінің тұрақты түрлері қалыптасты: сойургал, икта, мильк, вакф және т.б. Сойургал – бұл қошпелі аксүйектердің отырықшы – егіншілік халыққа деген үстемдіктің ең таралған түрі. Қала мен оның маңы үlestі, енші басқарушы – сойургал иесінің қарамағында болған. Бұл жер иесі егіншілерден, қолөнершілерден, саудагерлерден өз пайдасына салық жинаған [2. 25].

Мұсылман дін басылары – шайх уль – ис-

лам, садрилар, қажылар, шайхтар, моллалар, муставалар басқарушылығра әрқашан қолдау көрсеткен. Қолдағаны үшін олар жерді, су көздерін, суландыру қондырғыларын салық салу құқығымен бірге алатын, оны вакф деп атайды. Сонымен бірге мұсылман дін басылары жеке меншік құқығында көптеген өндөлген және жайылым жерлерге ие болған.

Қазақ қоғамында қоғамдық топтар – таптық боліну негізінде мұліктік жағдайынан бұрын әлеуметтік тегі қаралған.

- Ақ сүйек қоғамның жоғарғы тобы. Оларға Шынғысхан тұқымдары жатады: хандар, сұлтандар, төрелер немесе оғландар, қожалар. Шынғысхан тұқымдары қазақтың ешқандай рулары мен тайпаларына жатпай, қоғамының жоғары табын құраған.

- Қара сүйек – мұліктік жағдайына байланыссыз, олар қазақ қоғамының ең төмен тобын құраған:

а) билер – сот міндеттерін атқаратын рулар мен тайпалар басшылары;

б) әмирлер, бектер – әскери, көшпенділер басшыларының өкілдері;

в) батырлар – әскер басшылары.

Қатардағы жауынгер ерлігімен даңқы шығып, батырлар тобында өз орнын алған;

г) байлар – тегіне қарамастан, байлыққа жеткен тұлғалар. Байлар феодалдар табының қалың бұқара топтары ретінде ерекше әлеуметтік санатты құрған.

Шаруа (райаттар) – тәуелді халық, көшпелі мал өсірушілер; қоныстар – феодалға тәуелді болып қалған кедей туыстары, егіншілер. Олар: жатақтар – ұсақ саудагерлер, қоленершілер. Құлдар – қоғамның ең құқықсыз топтары.

Қазақ хандығының әкімшілік құрылышы. Отбасы → ұрпақ → ру → тайпа → ұлыс → жұз → хандық.

Мемлекеттік басқару жүйесі қарапайым құқық – адатқа негізделген. Адатпен қатар мұсылман құқығының нормалары – шариат қолданған.

XVII ғ. аяғында қарапайым құқықтың нормалары Тауке ханның тұсында «жеті жарғы» атауымен бірынғай жинақ түрінде толықтырылды. «Жеті жарғы» зандар жинағын құрастыруында уш жүздің өкілдері қатысты. Заңның мазмұны:

а) әкімшілік, қылмыстық және азаматтық құқықтар нормалары;

б) салықтар мен діни көзқарастар туралы ереже;

в) хандықты басқару тәртібі;

г) хандар мен билердің пайдастына әртүрлі алымдарды зандастыру;

д) жасалған қылмыстар үшін жаза.

Бұл зандар жинағында сол заманың өзекті мәселелерін қамтып, халықтың басты әлеуметтік жағдайына көп көңіл бөлінген.

Орта ғасыр дәуірінде қазақ қоғамы әлеуметтік-экономикалық қатынастардың дамуы бойынша патриахалдық-феодалдық деңгейде, ал қалыптасқан қазақ мемлекеттілігі феодалдық болған. Қазақ қоғамы әлеуметтік көмектің әр түрлерін қолданды:

- ұжымдық көмек көрсетуден (асар) бастартуға болмайды;

- бөлек тұратын балалар ата-анасына, жақындарына соғым, сыбаға жібереді;

- шаңырақ иесі болып кенже ұл саналған.

Ата-анасын бағып, күтүге міндетті;

- мұқтаждық көргенге материалдық көмек (мал, ақша) көрсеткен (бірігіп). Бұл «жылу» деп аталады. Мейірімділік, адамгершілік белгісі;

- туыс адам қайтыс болғанда ас беріледі.

Бұл баяғыдан келе жатқан әдет.

Жетім-жесірлерді қолдан, оларға әрдайым көмектесу – рудың ерекше міндеті. Жесір – күйеунің руы меншігі ретінде саналып, басқарудың адамына күйеуге шыға алмаған, оны басқа ауылға да жібермей, өздері көмектескен. Негізгі себеп – балалар туыстарының арасында осу керек.

Бұл мәселені шешу үшін әменгерлік институты болған. Екінші күйеу (өлген күйеунің жақыны) әменгер. Жесірді дәстүр бойынша күйеүнің ағасы немесе жақын туысы алады, кейде әйелдің жасы мен материалдық жағдайын есептей отырып, таңдауды әйелдің өзіне қалдыратын. Бұл әдеттің маңызы зор. Себебі, әйел қорғаусыз қалмайды (әдетте әйелге келін болып келген ауылы ыстық). Балалары өз жақын туыстарының арасында өседі, дала заңы бойынша әйел күйеунің жақын туыстарын тастанап кетпейді. Сонымен қатар шариат бойынша баласы қайтыс болған жағдайда әкесі әменгер (келініне күйеу) бола алмайды.

Әкесіз немесе шешесіз, кей жағдайларда әке-шешесіз қалған баланы жетім деп атайды. Жақын туыстары оны тәрбиелеп, өсірген. Мұ-

хаммед Пайғамбар: «Егер кімде-кім өз балаларын және жетімдерді жақсылап тәрбиелеп, адам қылса, оның орны жұмақта болады», – деген екен.

Дәстүрлі әдем-гұрыптар.

Қонақжайлық дәстүрі – жолаушы кез келген адамның (таныс болмаса да) үйінде демалып, тамақтанып, түнектін. Адат бойынша ол кеткенше сол үй иесісінің қорғауында болған.

Тамыр болу дәстүрі – жасына байланыссыз әр түлғалардың арасындағы достық. Тамырласу қәулердің көзінше өткен.

Өзара көмек дәстүрі – жақын туыстар арасында таралған, оны «жылу», «немеурін», «үме» деп атаған. «Жылудың» көне түрі – жұттың, табиғи апаттарының себебінде туыстарға малдың белгіленген санын беру.

Маусымдық тойлар.

- Наурыз – 22 наурызға келетін шығыс халықтарының жаңа жылы. Бұл күні бір-бірін құттықтап, 7 құрауыштан (су, тұз, ет, сүт, сарымсак, бидай, тары) тұратын «Наурыз-көже» жасаған.
- Соғымбасы – қысқы уақытта тойлаған. Әр отбасы көршілерін соғымбасына шақырған.
- Қымызмұрындық – жазда болатын, бие сау мерзімімен байланысты той. Әр отбасы алғашқы қымызға көршілерін шақырып, үлкендердің батасын алған.
- Сабантой – күзгі уақытта мол астықты жинап алуымен байланысты тойланған.

Ш. Уалиханов – әлеуметтік қатынастар саласына философиялық қағидаларды енгізген. Қазақтың алғашқы ғалымы және ағартушы демократы. Өзінің антропологиялық материализмімен ол адам мен қоғамды табигаттың даму нәтижесі ретінде қарастырады. Оның пікірінше, тарихи оқиғалар кез келген жағдайлардың нәтижесі емес, олардың негізінде бір занылық жатыр. Сондықтан оның еңбектеріндегі «қоғамдық жағдайлар», «қоғамдық қажеттіліктер», «қоғамдық зандар» және т.б. түсінектер жиі кездеседі. Қоғам мен оның дамуы үшін маңызды: географиялық орта, тайпалық ағза жағдайлары. Соңғыға ол антропологиялық мазмұн енгізген: адамның физикалық және адамгершілік даму деңгейін ескерген қажет. Ең алғашқы қоғамдық кітапхана 1883 ж. Семейде ашылған. Осы калаға жер аударып айдалған Е. Михаэлис, П. Лобановский, С. Гросс кітапхана үшін құнды кітаптарды жинаған. Абай Құнанбаев та өз

үлесін қости. Кейін кітапхана Ресейдің әр түкпірінен ғалымның әр салалары бойынша көптеген кітаптар мен журналдар ала бастады. Ақысыз пайдаланатын қоғамдық кітапханалар Ресей қалаларында ашылды [3. 18].

Қоғамдық даму, қозғалыс, заң шығыру-шылықтағы өзгерістер үлттық ағарту ісіне ықпал етті. XIX ғ. 60-70 жж. үйимдастырылған ғылыми қоғамдар, көшілік кітапханалар, мұражайлар өлкенің қоғамдық өмірін жандандыру үшін мүмкіндік туғызды.

Ыбырай Алтынсарин (1841-1889) – көрнекті ағартушы, қоғамдық қайраткер, жаңашыл педагог. Ы. Алтынсарин істеген зор қызметтері:

- өлкеде әйелдерге білім берудің негізін қалаушысы;
- қолөнер және ауылшаруашылық мектептерінің үйимдастырушысы;
- орыс графикасының негізінде қазақ әліппейнің бастаушысы;
- қазақ жазу әдебиеті мен әдеби тілі негізін қалаушысының бірі;
- қазақ халқының ауыз шығармашылығының үлгілерін жинақтаушысы.

Кеңес үкіметінің алғашқы әлеуметтік шаралары. Қазан төңкерісінен кейін халықтың әлеуметтік қорғауы тек қана мемлекеттік іс болып танылады. Барлық қайрымдылық үйимдар (қоғамдық және жеке) Кеңес Үкіметіне тапсырылып, мемлекеттік болып өзгерілді. 1917 ж. 13 қарашасында Халық Комиссарлар Кеңесі Кеңес билігінің алғашқы шаралар мен декреттердің санына «Әлеуметтік сактандыру» деп аталатын декрет шығарды. Бірінші декреттің тобына «Жұмыссыздық жағдайдағы сактандыру туралы ереже», «Ауырған жағдайдағы сактандыру туралы ереже», «Сактандыру туралы ереже» кірген. Қайрымдылық қоғамдардан Ресейдің «Қызыл Крест» қоғамы сактандылып қалды. Ол мемлекеттің қарамағына ауысты. 1922 ж. революция күрескерлеріне көмек беретін Коммунистік халықаралық үйим құрылды. 1918 ж. 25 қантарында жасы толмаған балалар үшін, оның алдында ана мен баланың денсаулығын сақтау бойынша бөлімдер ашылды. 1918 ж. сәуірінде Әлеуметтік қамтамасыз ету халық комиссариаты құрылғаннан бастап мұқтаждық көргендердің мемлекеттік қолдауы іске асрыла бастады.

Жаңа заңнама әлеуметтік көмектің негізгі

түрлерін белгіледі: дәрігердің көмегі, жәрдемақылар мен зейнетакыларды беру (кәрілік бойынша, еңбекке қабілеттілігінен айырылуымен байланысты, жүкті мен босанғандарға әлеуметтік қамтамасыз етудің қаржыландыру көздері: кәсіпорындардың, мекемелердің және т.б. жұмыс берушілердің жарналары. Кейін әлеуметтік сақтандыру бойынша барлық шығындарды мемлекет толық өзіне алды. 1918 ж. маусымында Әлеуметтік қамтамасыз ету халық комиссариатында келесі бөлімдер ашылды: ана мен баланың денсаулығын сақтау бөлімі, балалар үйлер бөлімі, ақыл есі кем (акаулы) балалар бөлімі, медициналық бөлім (халыққа арналған санаторийлер мен емдеу мекемелерін басқару), зейнетакылар мен жәрдемақылар бөлімі, соғыстан зардал шеккендердің отбасыла-рына берілетін азық-түлік көмек бөлімі.

АЗАМАТТЫҚ СОҒЫС АЯҚТАЛЫП, ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТЫН ЕҢГІЗІЛУІМЕН КЕҢЕСТИК РЕСЕЙДЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ӨЗІНІҢ ЖАҢА ДАМУ КЕЗЕҢІНЕ АЯҚ БАСТЫ. ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ БАҒЫТЫН ӨЗГЕРТТІ. ӘҚЕХК (Әлеуметтік қамтамасыз етудің халық комиссариаты) ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ: мүгедектер коопeraçãoсы, жұмысшылардың әлеуметтік сақтандыруы, қалаларда Қызыл Армия жауынгерлер отбасыларын мемлекеттік қамтамасыз ету. 1921 ж. 15 қараша-сында ХКК (Халық Комиссарлар Кеңесі) «Жалдама еңбекпен айналысатын тұлғалардың әлеуметтік сақтандыруы туралы» декреті (заны) шықты. Осы заңға сәйкес мемлекеттік, кооперативтік, қоғамдық, жалға алынған және жеке кәсіпорындарда, мекемелерде және шаруашылықтарда жалдама еңбекпен айналысатын тұлғалар әлеуметтік сақтандыруға жатады. ӘСХК органдары басқа да қызмет түрлерін атқарған: «Контрреволюция құрбандарына көмек», қайыршылық және жезөкшелікпен күрес, табиғат апаттарына зардал шеккендерге көмек, қамқорлық пен қамқоршылдық. Қайыршылар үшін үлестіру орындар үйімдастырылып, қарттар мен мүгедектер бір мекемеге, балалар – балалар үйлеріне, жұмыссыздар – жұмыс күшін үлестіру бөлімдеріне, «арамтамактар» арнайы еңбек коммуналарға жіберілген. Бірақ қайыршылар саны азайған жоқ, оның себебі: қалыптасып келе жатқан әлеуметтік көмек органдарының көбейіп кеткен қайыршыларға кө-

мектесуге әлі келмеді. Әлеуметтік жәрдемақының жеткіліксіз көлемі адамдарды қайыршылықпен «айналысуға» мәжбурледі. 20-шы жылдардың ортасында ӘСХК қызметінің негізгі объектісі ретінде шаруалар болды, бұл жалпы аштықпен байланысты, ол кезде 30 млн халық аштыққа ұшырады, 5 млн көз жұмды [4. 85].

Жас кеңес мемлекетінде халықтың әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесін дамытуға ақшасы жетпеді, себебі ақша әскери шығындар мен орасан зор ескерткіштерге жұмсалып отырды. Жеке адамдардың қайыршылық жасауына тыйым салуға ешкімнің моральдық құқығы жоқ, бірақ кеңес үкіметінің бұған көзқарасы басқа болды. Мысалы, Волга бойындағы ашаршылыққа ұшырағандарға батыс жазушыларынан көмек сұрағысы келген Максим Горькийге (1921 ж.) рұқсат берілмеді, американцы қайырымдылық үйімдарға да 1933 ж. болған ашаршылық кезінде ашыққандарға азық-түлік және дәрі-дәрмек беруге тыйым салынды. Еуропа жүртшылығы көмек ретінде жіберген жүктер қабылданбай, қайтарылып жатты. Сондағы идея: төңкеріс барысындағы әлеуметтік және саяси өзгерістер және социалистік құрылымдарындағы өзгерістер өздері әлеуметтік әділдік пен адамға жан-жақты қамқоршылық жасау мүмкіндігіне әкеледі. Белгілі орыс ойшылы Д.И. Писарев та осы пікірде болған: «Филантропия адам арына ұтты, оны корлаганмен тең: бір адамның өмір сүруі мен игілігі екінші сондай адамның еркінше рақымшылығынан тәуелді болуға мәжбур етеді, ол қайыршы мен қайырымдылық жасаушыны құрып, екеуін де бұлдіреді. Бұл не кедейлікті, не бекершілікті жоймайды. Мемлекеттік әлеуметтік қамтамасыз етүмен соғысқа қатысқан шаруалар, соғыста жаракат алған мүгедектер қамтылды. 1921 ж. 14 мамырында ХКК (Халық Комиссариатының Кеңесі) шаруалар өздері қоғамдық өзара көмек үйімдастыру жолымен мұқтаждық көргендеге қамқорлық жасауга тиісті деген декрет (зан) шығарды. Сонымен мемлекет әлеуметтік қамтамасыз етілмеген шаруаларға мемлекеттік бюджет есебінен көмек бере алмайтынын көрсетti. Шаруа өзара көмек көрсету комитеттер қызметінің негізгі түрлері келесілер болған: Қызыл Армия сарбаздарына жеке көмек, мүгедектерге жәрдемақылар, карыз, жұмыс көмегі, әлеуметтік өзара көмектесу (қоғамдық дүкен-

ҚАЗАҚ ЭКОНОМИКА, КАРЖЫ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САУДА УНИВЕРСИТЕТИНҢ ЖАРШЫСЫ, 2015. – №2.

дер, қорлар, мектептер мен ауруханаларды, кітапхана үйлерін, мүгедектер үйлерін қолдау) құқықтық көмек (салық жинау, ағаш беру, жер беруде аз қамтылғандардың мүдделерін көрғау). Осы комитеттердің негізінде кейін шаруа өзара көмек қоғамдары пайда болды. Соナン соң оларды колхозшылардың өзара көмек кас-салары ауыстырады. Олардың қызметі 1931 ж. 13 мамырында арнайы қаулымен заңдастырылды. (БРОАК мен ХКК қаулысы). (бүкілресейлік орталық атқару комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесі). Бұл нормативтік құжат кассаларға карттар үйлерін құруға, ауру, жаракат, екі-қабат болған жағдайларда қаржы және кәдімгі көмек көрсетуге құқық берген. Соғыстан кейін елде тамақ, киім, өндірістік тауарлардың тапшылығы орын алды. Оның үстінен жағдайды құргақшылық қыннататып жіберді. Ол Волга бойындағы жерлерді және басқа да аудандарды алып кетті.

Ашаршылыққа ұшырағандарға көмек көрсету үшін 1921 ж. 18 тамызында шыққан декреттің негізінде орталық комиссия құрылды (ерекше құзырларға ие болған). Комиссияның негізгі міндеттері: ашаршылық қөлемін анықтау, оған қарсы күрес жүргізу үшін қаражат іздеп табу және т.б. Зейнеткерлік қамтамасыз ету құқығына ие болғандар: еңбекке жарамайтын, 50 жасқа келіп, 8 жыл жұмыс өтілі бар жұмысшылыр мен қызметкерлер. Мүгедектер мәселелерімен кеңестік Ресейде келесі қоғамдық ұйымдар шұғылданған: Бүкілресейлік мүгедектер кооперациясының одағы, Бүкілресейлік соқырлар қоғамы, Бүкілресейлік саңырау мұлқаулар бірлестігі. Олардың негізгі міндеті ретінде мүгедектердің әлеуметтік қорғауы болып танылған. Артельдер мен кооперативтерді құру жолымен мүгедектер жұмыспен қамтылып отырды. 1931 ж. мүгедектікің жүйеленуінде өзгерістер орын алды, ол мүгедектің еңбек, кәсіби міндеттерін орындау мүмкіндігі жоқтығы бойынша мүгедектік дәрежесін анықтады. Осының негізінде оларға еңбек орындары беріліп отырды. Кәрілік бойынша зейнеткерлік қамтамасыз ету жөніндегі заңнама 1928-1932 жж. іске асрыла бастады. Зейнетакыны алу үшін: еркектер – 60 жасқа, әйелдер – 55 жасқа келу керек, еңбек өтілі – 25 жылдан кем емес. Сол жылдардағы әлеуметтік қамтамасыз етудің негізгі міндеті – мүгедектерді оқыту және жұмыс-

пен қамту. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі мемлекеттік қамтамасыз етуді дамыту. Ұлы Отан соғысы кезіндегі әлеуметтік көмек және қорғау майданда жүргендердің отбасыларына, аурулар мен жаракат алғандарға көмек көрсетумен, мүгедектерді жұмыспен қамтамасыз етумен, жетім балаларға қамқорлық жасау мәселелерімен, соғыс уақытының басқа да мәселелерімен байланысты болды. Соғыс кезіндегі соғыска қатысқандардың отбасыларын әлеуметтік қамтамасыз ету үшін негіз болған бірқатар жарлықтар шықты. 1941 ж. 26 маусымында шыққан жарлық соғыста жүргендердің отбасыларына жәрдемақы төлеу тәртібі белгіленеді. 1943 ж. 4 маусымында ССРО ХКК (Халық Комиссарлары Кеңесінің «Отан соғысы майдандарында қаза тапқан және хабар-ошарсыз кеткен әскери қызметкерлерінің отбасылары үшін женілдіктер туралы» қаулысы шықты. 1941 ж. 8 қазанында ауру және жаракат алған Қызыл Армия жауынгерлеріне қызмет көрсету бойынша көмек комитеттері құрылды. Балаларды қорғау және жетімдерге қамқорлық көрсету мәселелері соғыс уақытында жаңа сипат ала бастады. Ендігі жаңа міндет балалар үйлерінің тәрбиеценушілерін алысқа, ел түпкірлеріне көшіруде болды [5. 78].

Соғыстан кейін халық шаруашылығын қайта қалпына келтіруімен бірге әлеуметтік қамтамасыз етуді басқарудың әкімшілік жүйесі де қайта құрылды, ӘҚХК (Әлеуметтік қамтамасыз ету Халық Комиссариатының) орнына Әлеуметтік қамтамасыз ету министрлігі құрылды.

КСРО Жоғарғы Кеңесі 1956 ж. 14 шілдесінде мемлекеттік зейнетакылар туралы Заң қабылдады, ол Заң бойынша зейнетакы берілетін тұлғалар тобы кеңейтілген. РСФСР Министрлер Кеңесі қаулысына сәйкес Әлеуметтік қамтамасыз ету министрлігіне келесі міндеттер жүктелді: дәрігерлік еңбек сараптамасын ұйымдастыру; мүгедектерді жұмыспен қамту және оларды кәсіптік оқыту; көп балалы және жалғызбасты аналарға материалдық-тұрмыстық қызмет көрсету, зейнетакыларды төлеу, жасанды мүше – ортопедиялық көмек көрсету. 1964 ж. колхоз мүшелеріне зейнетакылар мен жәрдемақыларды төлеу туралы Заң қабылданды. Сөйтіп, елде жалпы мемлекеттік зейнетакымен қамтамасыз ету іске асрылды. 1967 ж. қыркүйегінде КОКП (Кеңес Одағының Коммуни-

тік партиясы) Орталық Комитетінің Пленумы өтті. Онда кеңес халқының әл-ауқатын жоғарылату мәселелері қаралды: колхозшылыр, мүгедектер, Қызыр Солтүстік тұрғындары үшін зейнетакы жасын төмендетіп, Отан соғысы мүгедектеріне зейнетакысын жоғарылattы. Бұл 5 млн-нан астам зейнеткерлердің материалдық жағдайын жақсартты. Кеңес уақытында әлеуметтік қамтамасыз ету келесі қагидаларда қызмет істейді: «КСРО әлеуметтік қамтамасыз ету социалистік қагидаларда ұйымдастырылған. Олар адамға деген шынайы қамқорлықпен сипатталады. Кеңес Одағының барлық халықтары әлеуметтік қамтамасыз ету құқығына бірдей дәрежеде ие. Әлеуметтік қамтамасыз ету толығымен мемлекеттік және қоғамдық қаржаттар есебінен іске асырылады».

Республиканың нарыққа көшу кезеңі өте қызын болды. Мемлекеттік кәсіпорындардың көбі жабылып, жұмыссыздық орын ала бастады. Қазақстанда жұмыстың жоқтығы кедейлікке әкеліп соғып, әсіресе жұмыссыздық мәселесі ауылдық жерлерде шиеленісті.

Адамдардың әл-ауқатына өтпелі кезеңнің ықпалын азайту бойынша үкімет тұрақтандыру саясатын жүргізуіне қарамастан, қазақстандықтардың өмір деңгейін айғақтайтын көптеген әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер өзгерістерге ұшырады. Жұмыссыздық күрт өсіп, халықтың шынайы табыстары төмендеп,

өмір сүру ұзақтығы қысқарды. Инфляцияның қарқынды өсу жағдайында халықтың кедей топтарының әлеуметтік жағдайын одан сайын төмендеткен қызын мәселе – халықтың, зейнетакының және әлеуметтік жәрдемақының төлемдері бойынша қарыз болып келді. Соңғы онжылдықта әлеуметтік аясының (денсаулық сақтау, білім беру, ғылым, мәдениет) жағдайы нашарлап, өтпелі кезеңнің қындықтары Қазақстан халқы табыстарының төмендеуіне әкелді.

Халықтың маңызды бөлігінің төмен жиынтық табыстары – Қазақстандағы кедейліктің негізгі себебі. Республиканың ерекшелігі – «кедейлік» жұмыссыздарға да, жұмыспен қамтылғандарға да сипатты. Төмен жиынтық табыстарымен бірге республикадағы кедейліктің тағы бір себебі – жұмыссыздық. Ол жұмыссыздар үшін түйінді әлеуметтік экономикалық және психологиялық мәселе болды. Республиканың облыстары бойынша кедейлік көрсеткіштердің талдауы ел өнірлерінің әлеуметтік-экономикалық дамуының біркелкі еместігін көрсетеді.

Соңғы жылдары Елбасы Н.Ә. Назарбаев әр жолдаулары мен стратегияларында елдің әл ауқатын жақсартуға байланысты өзекті мәселелерді қозғауда және әлеуметтік қызметкерлердің ролін анықтап, олардың халықтың әлеуметтік жағдайын көтеруге барлық мүмкіндіктер жасалғанын көруге болады.

Әдебиеттер

1. ҚР Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауы. 11 Қараша 2014 жыл.
2. Абилов А.К., Евдокимов В.В. Казахстан в древности: Учеб. пособие. – Караганда, 1991.
3. Кан Г.В. История Казахстана: Учеб. пособие для вузов. – А., 2005.
4. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 2-3 том. – А., 1998-2002.
5. Григорьев А.Д. История социальной работы. В 2-х ч. Ч. 1. (до нач. 20 в.). – Минск, 2006.
6. Кузьмин К.В., Сутырин Б.А. История социальной работы. – М., 2003.

Rезюме

В статье рассматривается проблема становления и развития социальной помощи в Казахстане. Республика Казахстан в качестве суверенного государства должна внедрять новую социальную помощь и использовать ее на практике. В статье также анализируется социальная помощь в РК с древнейших времен и до наших дней.



ӘОЖ 316.6

Л.С. Сыдыгалиева, магистр, ага оқытуши,
М.Е. Байдалина, магистр, оқытуши
ҚазЭКХСУ

**МҰҒАЛІМ МЕН ОҚУШЫ АРАСЫНДА ЖАҒЫМДЫ
ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУҒЫЗУ**

Макала оқытушылар мен білім алушылардың арасындағы қарым-қатынас мәселелеріне арналған. Ұстаз бер шәкірттер арасындағы қарым-қатынас орнатуға, олардың арасында кездесіп қалатын қыншылықтар әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан тиянақты іздестірілмеген мәселелердің қатарына жатады. Сондықтан макалада эксперимент ретінде мәселелердің шешу жолдары көрсетілген.

Негізгі ұғымдар: жасөспірімдер, қарым-қатынас қыншылықтары, тәлім-тәрбие, ғылыми-педагогикалық ізденістер, әлеуметтік-психологиялық зерттеулер.

Жасөспірімдер мен ұстаздар арасындағы өзара қарым-қатынас жасау мәселесі-психология ғылымындағы және тәлім-тәрбие ісіндегі әрі маңызды, әрі күрделі мәселелердің қатарына жатады. Бұл салада жүргізілген бірсыптыра зерттеулер мен осы бағытта жинақталған тәжірибелердің нәтижелері жасөспірімдер мен ұстаздар, оқушылар мен тәлімгерлер арасында қарым-қатынас орнатуда айтартылған ерекшеліктер мен сипаттар, түрліше түсініктер бар екендігін көрсетті. Міне, мұндай мәселедегі елеулі жайттің бірі – мұғалім мен шәкірттер арасындағы қарым-қатынас жасауда әрқылы қыншылықтардың үнемі кездесіп отыратындығы.

Егер кіші мектеп жасындағы балалар үшін мұғалім барлық бейнесімен ерекше із қалдырып, оларға күшті әсер ететін тұлға болып саналатын болса; ал ересек балалар мұғалімнің әрбір қимыл-қозгалысына, іс-әрекеті мен сойлемен сөзіне, оның ақыл-кеңесіне, өзге адамдармен қарым-қатынасына, шәкірттерге қоятын түрлі талаптарына өздерінше іштей сын көзімен қрайды. Осы мәселені анықтау бағытында арнайы жүргізілген психологиялық және педагогикалық зерттеулер теменгі сынның оқушыларынан гөрі ересек оқушылар арасында үлкендердің айтқан сөздеріне құлақ аспау және айтқанынан қайтпайтын міnez көріністерінде әрқылы көдергілер мен себептер болатындығын анықтады. Әрине, мұндай мәселенің түпкі себептерін психологиялық жағынан теренірек зерттеу-тәлім-тәрбие ісінде маңызды мәселе болып саналады.

Бізде, атап айтқанда, Қазақстанда, әсіресе қазақ мектептері мен арнаулы білім беретін орта дәрежелі окуорындарында ұстаз бер шәкірттер арасындағы қарым-қатынас орнатуда, олардың арасында кездесіп қалатын қыншылықтар психологиялық тұрғыдан әлі де қызу қолға алынып, тиянақты іздестірілмеген мәселелердің қатарына жатады. Ал мұғалім мен шәкірттер арасындағы қатынасты іздестірудегі ғылыми-педагогикалық бірек-сараң әдебиет пен мақалаларда тек ұстазға қажетті сапаларды сөз етумен шектеледі. Осы кезде тәлім-тәрбие ісіндегі жасөспірімдермен қарым-қатынас жасауда мұғалімнің өзіндік сапа ерекшеліктерімен қатар, оның өзге адамдармен, әсіресе шәкірттердің даралық ерекшеліктерімен санаын арттыру қажеттігіне баса мән беріледі. Осындағы талапты анықтап, оны жүзеге асыру жолында мұғалімнің бойында өзіндік сана, ұстаздық қасиет және арнайы білімі болу керек деген міндет қойылады.

Ұстаздар мен шәкірттер арасындағы қарым-қатынастың бірсыптыра жайттерін психологиялық тұрғыдан анықтау мақсатымен Астана қаласындағы бірнеше мектептерде арнайы тәжірибелік зерттеулер жүргізіліп, онда максат етіп қойылған мәселенің жай-жапсары іздестірілді. Бұл зерттеуде негізгі мәселе – мұғалімдік мамандыққа қойылатын жасөспірімдердің талабын психологиялық тұрғыдан негізделеп, ұстазға тән сапалар мен ерекшеліктердің сырын ашып көрсету және оны педагогикалық және методикалық жағынан алып талдау.

Окушылардың мұғалімдерге қойылатын мұндай талаптарын ұстаздар үнемі ескеретін болуы тиіс.

Ұстаз бер шәкірттер арасындағы қарым-қатынас күнделікті тәлім-тәрбиенің нактылы фактілерінен алынып, оларды салыстыра отырып, өзара топтастырып көрсетіледі. Осындағы аталған ұнамды, ұнамсыз деген сапалар мен ерекшеліктер шәкірттер тарапынан көрсетілген өз пікірлері. Солай дегенмен де, бұл қасиеттердің бәрі оқу-тәрбие ісінде жиі кездесіп отырады. Мұндай жәйттердің бәрі шәкірттердің жүргегін жарып шыққан пікірлері мен жанашырылышқиң идетімен айтылған олардың жан дүниесін тебіренткен мәселелер екенин әрбір ұстаз, тәлім-тәрбиеші ақыл-ойга салып, өз қабыргасымен кеңесіп, таразылап көруі қажет.

Мұғалім мен оқушы арасындағы тартыс пен өзара реншілік туындау себептері.

Осы заманғы психологиялық зерттеулерде әлеуметтік өмірдің әртүрлі өрісінде болып отыратын талас-тартыстар мен дау-дамайдың өрбүі ерекше назар аударып, олардың себеп-салдарын анықтап отыруға ерекше мән беріп отыруды қажет ететін өмір тіршілігінің шындығы. Біз бұл еңбектің алғы тарауларында өнеркәсіп орындары мен мекеме ұжымдары арасындағы әралуан ситуациялар мен шиеліністі жағдайлардың болып отыратындығына баса көніл аударып, сондай жәйттерді женудің жөн-жосығын, әдіс-тәсілдерін нақты жағдайлар негізінде, психологиялық тұрғыдан іздестіріп көрдік. Таластартысты мәселелердің туындалап отыруында әлеуметтік-психологиялық заңдылықтардың болатындығына көз жеткіздік. Ал бұл мәселе-нің теориялық және методикалық негіздері мен сипаттарын ғылыми тұрғыдан тереңірек ашып көрсету өз алдына зерттеліп, тиісті шешімін келешектен күтеді.

Шәкірттер мен мұғалімдер арасындағы, әсіресе мұғалім мен жасөспірімдер арасындағы қарым-қатынаста кездесіп қалатын тартыстар осы кезге дейін жете зерттелмеген мәселе. Міне, осы мәселені зерттеуді негізгі объект етіп алып қарастыру мынадай себептерге байланысты.

1.Орта жастағы мектеп окушылары өздеріне ерекше зейін қойып қарауды қажетсінеді. Олардың өмірдегі өтпелі кезең, жоғарғы талаптар, сана-сезімі мен ақыл-ойының өсуі мұғалім-

ді жасөспірімдерге жаңа қырынан келуге мәжбүр етеді.

2. Өтпелі кезең жасындағы балаларға дұрыс қалып көрсетпеуден туындастырылған тартыстарды жиі кездестіруге болады. Балалардың жас ерекшелігін және тәлім-тәрбие жұмысында соған сай әдіс-амалдарды қолдана білмеуден кейір мұғалімдер өз жұмысында көптеген киындықтарға кездесіп жүр. Олар бірер рет көзге түсіп қалғандарды «тәрбиеленуі қыны» балалар қатарына ой салмағтамай қосып, өз жұмыстарын қыннадатады. Енді-енді қалып-таса бастаган жеткіншек мінез-құлқына кері әсерін тигізеді.

Мұғалім мен окушы арасындағы тартысты тұгызатын себептерге окушылар тобы, олардың жас және өзіндік ерекшеліктері, мұғалім мен оның окушылар ұжымына басшылық ету стилі де әсер етуі жатады. Тәлім-тәрбие саласында жүргізілген зерттеу нәтижелерін жинақтап қарастырғанда, мұғалім мен окушылар арасындағы тартыстардың туындалап, етек алудың бірнеше түрлері болатындығы байқалады.

Оку ісін жүзеге асырып, оны бірізділікпен жүргізуде кедергі болатын жәйттер мұғалімнің білім деңгейі мен оны шәкірттерге тиімді әдістәсілдермен жеткізе алмай, тәжірибесіздік көрсетіп, окушыларға серпінді ықпал ете алмайды. Сондай-ақ мұғалім окушыларға қоятын талабын үнемі өзгертіп, қалыпты жағдайдан жиі ауытқып отырады. Соның салдарынан шәкірттердің тәртібі де нашарлайды. Мұндай кемшиліктер ең алдымен ұстаздың ұйымдастырушылық қабілеті мен сабак жүргізу degi методикалық олқылығынан пайда болып, шәкірттер сабакқа көпшілік уақытын босқа жіберетін болады. Алайда мұндай жағдайдан туындастырылған тартыстар оқу-тәрбие ісіндегі өзге сипаттағы дау-дамайлардан кемдеу.

Жеке бастың өзі ұстанған адамгершілік қасиеттерге байланысты кездесетін кедергілер мен талас-тартыстар. Баланың өз басына талап қоюы, айналасына зер салып, әрбір нәрсеге мән беруі баланың өсіп жетіле бастағанын көрсетеді. Мұндай ерекшеліктер баланың ересек адамдармен қарым-қатынас жасап, өзінің есейгендігін байқатуы, оның адами-этикалық жағынан талап-тілегінің өскендігін көрсету. Ересек адамдармен салыстырғанда мұғалім мен окушылар арасындағы өзара қарым-қаты-

нас едәүір күрделі. Өйткені, мұндағы бірінші жақ – мұғалім толық қалыптасқан, мораль, этикалық жағынан жетілген, мінез-құлқы орнықсан адам. Екінші жақ – окушылар. Бұлар небары өз ұстазының сезімі мен ақыл-ойына ынтықкандар ғана. Мұғалім мен окушының ойлану, түсіну сипаттары да түрлі деңгейде. Ұстаздарға айдай анық құбылыс шәкіртіне нағымды бола бермейді. Кейде мұғалім мен окушы бір құбылысқа, сөзге немесе қылыққа беретін бағалары да түрліше. Тіпті қарама-карсы мәнде де болуы мүмкін. Ұстаз бен шәкірттер арасындағы қарым-қатынаста тартыстың туындауына ұстаздың методикалық тұрғыда қате жіберіп жаңылышы, не оқу материалын тиянақты түсініре алмауы да себеп болады.

Окушылардың жас ерекшеліктерін елемей, олардың құрдастарымен қарым-қатынастарының қыры мен сырына жете мән беріп, оларды жете бағаламау салдарынан болатын табыстар. Ал окушылар тобы тарапынан мұғалімге қойылатын талаптар олардың рухани тілектерін қанағаттандырмауға байланысты. Әдетте мұндай жағдайда мұғалім окушылар ұжымынан өз бойын аулақ ұстап, көпшілік қоғам ұжымыстарына сирек қатысады. Окушылар ұжымының саналуан жұмыстарына, ұжымдық пікірлерге жете мән бермейді. Мұндай жағдайда окушылар тарапынан ұстазға деген наразылық, қанағаттанбау сезіміне орай тартыстың туындауына себеп болады.

Окушылардың даралық ерекшеліктеріне тән жағымсыз қасиеттері мен мінез-құлқына орай туатын тартыстар. Окушылар арасындағы ұшқалақ мінезді, қызу қанды, айтқанынан қайтпайтын өжет, жан дүниесінің шенбері тар, өзін қатар құрбыларынан жоғары санайтын балалар да бар. Олардың сөйлеген сөзі, істеген қылышы өзгелердің зығырданын қайнастып тұрады. Ондай балалармен қарым-қатынас жасау мұғалімдерге оқай тие қоймайды. Негізгі мақсат мінезі ерекше окушылармен қалыпты қатынас орнатудың тиімді әдісі – оларды ұжымдық өмірдің ыңғайына қарай бейімдеп, олардың іс-әрекеттерімен үйлестіру. Дегенмен, мұндай жағдайда ұстаз бен шәкірт арасындағы айырым шығатын жәйттер жиі болып тұрады. Мұндайда ұстамды ұстаздар шыдамдылық пен тапқырлық көрсетіп, қалайда шәкірттермен тиімді қарым-қатынас орнатудың әдіс-тәсілде-

рін ізденеді. Жастардың мінез-құлқындағы жағымсыз қылықтарын жөндеуге күш жұмсал, әрбір окушының даралық ерекшеліктеріне баса көніл аударады.

Мұғалім мен окушылар арасында кейде бірін-бірі жете түсінбей, өзара келіспеушілік сияқты қолайсыз жәйттер кездеседі. Мұндайда баланың даралық ерекшеліктері мен жан дүниесінің сырына терең бойлап, олардың мінез-құлқы ерекшеліктерімен санақсан тиімді. Бала психикасының қарқынды дамып отырыуна орай түрлі тілек-талаптары мен қажеттіліктері, әрбір нәрсениң сырын білуге құштарлығы арта түседі. Тәлім-тәрбие ісінде баланың санасы мен ақыл-ойының дамуындағы саналы өзгерістерді ескеріп, оларды дұрыс жолға пәрменді бағыттап отыратын болса, онда шәкірт мінезінің ұнамды қасиеттерін бірізділікпен қалыптастыруға болады.

Ұстаздар мен шәкірттер арасында дұрыс қалыптаспаған қарым-қатынастар тәлім-тәрбие істерінің жемісті жүргізілуіне елеулі нұқсан келтіреді. Мұндай жәйттер арнайы іздестірілген тәжірибелер арқылы анықталды. Біріншіден, бір сыныптағы окушылардың жеке пән мұғалімдеріне қатынасы; екіншіден, сабак жүргізген пән мұғалімдерінің ерекшеліктері; үшіншіден, окушылардың жеке пәндерге деген ықыласыннасы; төртіншіден, мұғалімдердің сынып ұжымымен қарым-қатынасының сипаты. Мұғалім мен окушылар арасындағы кездесіп отыратын наразылық пән дау-дамайдың туындау себептерін психологиялық тұрғыдан ашып көрсетудің маңызды екендігін жете түсініп, мектеп тәжірибесінен жинақталған материалдарды топтастыра отырып іздестірілді. Осы мақсатқа орай мектепте жүргізілген бақылау нәтижелері 4-кластан бастап, олар 6-класқа көшкенге дейінгі мерзім арасында іздестірілді. Мұндай бақылаудан тиісті корытындылар жасау үшін 4-сынып окушылары таңдал алынды. Осы сынып ұжымымен жүргізілген бақылау бойынша окушылардың бәрін қамтып, олардың мұғалімдеріне де түрліше көзқараста екенін байқатты. Мысалы, кейбір пән мұғалімдері өз сабактарын қызықты етіп ұйымдастырып өткізетін болса, онда сабактарға окушылар да белсене қатысып, өтілген материалдарды тиянақты менгеруге ұмтылады. Ал кейбір сабактарда окушылардың бірсыптырасы оларға енжарлықпен қатысып, кей-

бір реттерде оғаш қылыш көрсетті. Әдетте мұндағы сабактар мұғалім мен оқушылар арасында наразылық тудыруға себеп болады. Мәселен, осы мектептің 5-сыныбында өтілген орыс тілі сабагында кластағы оқушылардың басым көпшілігі бөгде нәрселермен шұғылданып, өзара дабырлап сөйлем отырды. Мұғалімнің тәртіпке шақырған ескертуіне де миығынан қарап, немікүрайлы күй байқатты. Сабакты талдап, оқушылардың оғаш мінездерін көрсетудің басты себептері неде екенине келсек, біріншіден, мұғалім класқа басшылық ету ролін көрсете алмады. Бұл оның даярлығында методикалық елеулі олқылылығын аңғартты. Екіншіден, оқытушының өз қызметіне немікүрайлы қарайтынын көрсетті. Ушіншіден, оқушылардың бағдарламалық материалдарды тиянақты менгеруінің тиімді жолдарын іздестірмейтінін сезірді. Керісінше, бұл сабакта оқушылардың ықылас-зейіні сабактың бітуіне бағытталды. Тәртіншіден, оқушылардың мінез-құлқына байланысты көтермелеге мен кінеләу талаптары да орындалмады.

Сөзі мен ісі бір жерден шықпады. Содан келіп мұғалім мен оқушылар арасында дау-дамай етек алады. Өйткені, бұл сабакта мұғалімнің білім дәрежесінің төмендігі мен әдісінің шалалығы оқушылардың мұқтаж-тілектерін қанағаттандыра алмады.

Оқытушылар мен оқушылар арасында кездесетін наразылықтар мен керіс-жанжалдар мұғалімнің жеке басындағы мінез-құлыш пен қызметіндегі кәсіби олқылықтарына байланысты екенин аңғартты.

Оқытушының мінез-құлкы өз мамандығының талаптарына сай болса, онда мұндағы қолайсыз жағдай болмас еді. Қолдан келгенше өзара қақтығыстар мен реніштерді тудырмаған жақсы. Ондай жәйттер кімге де болса абырой әпремейді. Болашақ ұстаздар мұндай жағдайлардың мән-жайын терең барлап түсінгені дұрыс.

Корыта келгенде, педагог білікті де білімді маман, өзіне сенімді, сұрақ қойып, сол сұраққа және әр мәселеден шешім таба алатын, мақсат қойып, оған жете алатын болуы қажет.

Әдебиеттер

1. Межерииков Б.А. и др. Введение в педагогическую деятельность. – М., 2010. – Б. 23-25.
2. Леонтьев А.Н. Проблемы развития психики. – М.: Педагогика, 2008. – Б.10-12.
3. Петровский А.С. Педагогикалық және жас ерекшелік психологиясы. – М., 2009. – 53-54 бб.
4. Дороженов С. Ұлттық Қазақстандық, Қазақстандық Ақыят. – 1993. – №833. – 40 б.

Rезюме

Статья посвящена социально-психологическим проблемам взаимоотношений педагогов и обучающихся. Проведенный эксперимент показал, что уровень знаний обучающихся зависит от профессиональной компетентности педагогов и от социально-психологического климата в коллективе.

Summary

The article is devoted to the social and psychological problems of the relationship between teachers and students. The experiment showed that the level of knowledge of students depends on the professional competence of teachers and by socio-psychological climate in the collective.



*A. Нигмет, аға оқытушы, гуманитарлық ғылымдар магистрі
ҚазЭКХСУ*

МОНГОЛИЯЛЫҚ ҚАЗАҚ ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРИ

Бұл мақалада монголиялық қазақ тарихшы-этнографтарының Монголия қазактары туралы этнографиялық зерттеулері қарастырылады.

Тәуелсіздік ел тарихындағы тарихи түрғыдан өзекті мәселесі диаспорология тәрізді назардан тыс қалған кейбір салаларын өркендетуге кең жол ашып, шетелдегі қазактардың тарихы жүйелі түрде зерттеле бастады.

Аталмыш мақалада осы қазақ диаспорасының бір шоғыры – Монголия қазактарының этнографиялық құндылықтары сөз болмақ.

Негізгі ұғымдар: Монголия қазақтары, этнограф, этнография, этнология, әдем-ғұрып, салт-дәстүр, саятиштық, этнографиялық зерттеулер.

Жас үрпақтың ұлттық сана-сезімін, өмірлік көзқарасын, рухани дүниетанымын қалыптастыруда халық қазынасына бай мұраларымыз – этнографиялық құндылықтарымыздың алатын орны ерекше. Осы бір рухани бай қазына-мызды жинау, зерттеу, өзіндік орнын белгілеу бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып отыр.

Ата-бабаларымыздың ежелден-ақ еңбек-сүйгіш, өзіндік мәдениеті бар ел болғандығын дәлелдейтін фактілердің бірі – оның этнографиясы. Олар өздерінің қастерлеп жинаған рухани байлығын көп жағдайларда ауыз әдебиеті, салт-дәстүрі, әдем-ғұрыптары арқылы ғасырдан ғасырға жалғап, сақтап келді. Бүгінгі өресі биік, озық мәдениетке бір күнде жеткен жок, бұл жолда небір қиян белестерден өтті.

Осындай тарих қойнауда жасалған ұшан теніз рухани қазынамыз «қаншалықты зерттелді, қаншалықты жиналды, бүгінгі үрпаққа қаншалықты дәрежеде жетті?» деген сауалдар туындаиды. Осы орайда Тәуелсіздік – ел тарихының тынысын көнектітті, оның диаспорология тәрізді назардан тыс қалған кейбір салаларын өркендетуге кең жол ашып, шетелдегі қазактардың тарихы жүйелі түрде зерттеле бастады.

Осынау Қазақтардың бір шоғыры Монголияның батыс өлкесі – Баян-Өлгей аймағын мекендеген қазақтар Монголия қазақтары деп аталады. Монголия қазақтары – қазақ халқының құрамдас бір бөлігі. Сондықтан олардың әдебиеті, мәдениеті, салт дәстүрі, тілі, діні бір. Бірақ шетелдегі қазақтар атамекенінен жырақ

кеткеннен кейін, тарих қойнауда, олар өзіндік мәдениетін, әдебиетін, тарихын жасады. Монголия қазактарының этнографиясы – ауыз әдебиеті, ұлттық сана-сезімі, дүниетанымы, рухани бай қазынасы, ұлттық мәдениет сол бойымен тұннып тұрған кең қазына.

Осы игілікті істерді зерттеп, талдау мәселеңесі бүгінгі этнография ғылымының міндеті, әрі мәселенің өзектілігі де осында. Қазақстан тарихының кезек күттірмейтін өзекті мәселелері Монголия қазақтарының этнографиялық түрғыдан зерделенуі, этнологиялық талдау жасаудың қажеттілігі өмірден туындалған.

Аталмыш қажеттілікті өтеу мақсатымен Монголия қазақтарының этнографиялық мәселелерін сөз етуіміздің өзі тақырыптың өзектілігін туындаған маңыздылығымен ерекшеленеді.

Осы орайда, Монголиялық этнограф-тарихшыларының монгол қазақтарына қатысты жазылған этнографиялық монографиялық және диссертациялық зерттеулеріне талдау жасау барысында Монголия қазақтарының этникалық құрамының қалыптасуында өзіндік орнын белгілеуге елеулі үлес қосатындығы тақырыптың өзектілігін одан әрі арттыра түспек.

Қазақстанның тәуелсіз төл тарих ғылымын қалыптастыру жолында этнология ілімі туралы ой-пікірлердің қалыптасу денгейі мен проблемаларын анықтау және жекелеген кезендерді диалектика аясында, жаңа көзқарас түрғысында жете зерттелмегендігін анықтап, осы кезеңдерге зерттеулер жүргізуідің маңыздылығы мен

қажеттілігін айқындау, нақты дәйектемелер ұсыну бүгінгі этнологияғының үшін өзекті.

Ал, аталмыш біз көтеріп отырған мәселе – Монголия қазақтарының этнографиялық зерттеу мәселелерін шешуге бағытталған ой-пікірлердің қарастырлатының ескерсек, зерттеудің өзектілігі арта түседі.

Бұл орайда, Монголия қазақтарының рухани және материалдық мәдениетін тек кана «Монгол қазақтарына» қатысты құндылықтар ретінде ғана емес, олардың казақ мәдени мұралары – көне қазақ тарихына да тікелей қатысы барлығын ескерсек еken дейміз.

Монголия қазақтарының этнографиялық еңбектерінің зерттелу мәселесіне байланысты ілгеріде арнайы жеке зерттеулер жоқ.

Алайда, жекелеген мәселелер бойынша; әдет-ғұрып, салт-дәстүр, саятшылық т.б., сонымен қатар Монголия қазақтарының ежелгі түркі мекенінде өмір сүруіне байланысты еңбектер баршылық.

Монголиялық қазақтардың тарихы XIX ғ. соңы – XX ғ. басында орыс ғалымдары Н. Аристов, В. Грумм-Гржимайло, Г.Н. Потанин, В.В. Сапожников, А.В. Бурдуков, Цевен Жамцранолардың арнайы зерттеу нысанына айналды. Олар өз еңбектерінде Монголиядағы қазақтар тарихын ғана емес, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, мәдениеті мен шаруашылығына қатысты мол мағлұматтар қалдыруы монгол қазақтары туралы зерттеудің қалыптасуына үлкен ықпал еткенін ерекше атап айтқан жөн.

Сонымен қатар монгол қазақтарының арасынан этнографиялық зерттеу саласында көшбасы ретінде Х. Шобайдың 1980 ж. жазған «Қазақ-уранхай халықтарының ұлттық қол өнері» атты еңбегінің алар орны ерекше [1]. 1991 ж. Баян-Өлгей баспаханасынан Монголия қазақтарына қатысты М. Нығметтің «Қазақ ұлттық қолөнері» [2], Халел Нұркеұлының «Ұлттық мирас, ата мұра» атты еңбектері жарық көрді [3]. Сондай-ақ Закия Ақайқызының «Ою-өрнек ой айттар» деп аталатын монголия қазақтарының қолөнеріне қатысты еңбегі жарық көрді [4].

Бұл аталмыш зерттеулерде Монголия қазақтарының рухани және материалдық мәдениетінің мәселелері қарастырылады. Монголия қазақтарының материалдық мәдениетінің ерекшелігінің бірі ғасырлар бойы көшпелі өмір сүрген киң үлкен түрліктерлердің баспаһасы жылжы-

малы киң үйі болып табылады. Сондықтанда киң үй өзінің мән мағынасынан айрылмай, күнін бүгінге дейін «шықкан қара шанырағымыз» аман болсын деген аталы сөзді ешбір ұрпақ аузынан тастамай, сол қалпында сақтап келуін ерекшелегі деп айта аламыз. Монголия қазақтарының әдет-ғұрып, салт-дәстүрі ерекшеліктері, наным-сенімдеріне қатысты мәселелері қарастырылған.

Монголия қазақтарының этнографиялық зерттеу мәселесіне қатысты белгілі этнограф ғалым Б. Камалашұлының еңбектері бүгінгі монгол қазақтары этнографиясының қалыптастында ерекше орын алады [5].

Б. Камалашұлы Монголия қазақтарының шаруашылығына, кәсібіне қатысты мәселелерді зерттеді. Мұндағы басты ерекшеліктің бірі қазақ халқының дәстүрлі мал шаруашылығының Монголия қазақтарында ата кәсібі мал бағу дәстүрі – жайлымдық бағу әдісі (қыстау, күзеу, жайлау, мал отарлату, т.б.) Монголия қазақтарында сол бойы сақталғандығын айрықша атап көрсетеді.

Танымал зоотехник Х. Шобайдың Монголия қазақтарының климаттық географиялық ерекшелігіне сай тебіндік жайылымаға негізделген қылышық жүнді қазақ қойына қатысты («Керейдің қызыл» қойы), Монголия қазақтарының малшаруашылығы туралы, «Керей» қызыл қойының монгол қойларынан ерекшелігі жайлышықты мәліметтері тақырыбымыздың өзектілігін тағы да дәлелдеді. Ал Монголия қазақтарының саятшылық өнерінің өзі бір төбебүркітшілік өнері, аңшылық дәстүрі жайлышықты монгол қойларынан ерекше атап айттуға болады. Мұнда баға жетпес Монголия қазақтарының құсбеттілік өнері және аңшылық күралдарына қатысты этнографиялық материалдар берілген.

Монголия қазақтары этнографиялық және этникалық тарихына қатысты қалам тартып жүрген монголиялық қазақ этнограф-тарихшыларының елеулі еңбектері баршылық. Монголияны IX-XII ғғ. мекен еткен түркі тайпалары туралы Зардықан Қинаятұлының «Монгол үстіртін мекен еткен соңғы түркі тайпалары» монгол жеріндегі мекен етіп отырған қазақ рулары керей, найман, уақ т.б. тарихынан сыр шертсе [6], қазақ қауымдастырының тапсырумен жағынан монголия қазақтары туралы «Мон-

ғолиядағы қазақтар» атты екі кітабы осы Монголия қазақтарының тарихынан, тұрмыс тіршілігінен, салт-санасынан хабар береді [7-8].

Осынау біз зерттеп отырган елдің көне тарихының тастағы ойып жазылған жазу сырын, тастағы жансызың бейнелерді (петроглифтерді) зерттеп қалың қоқырманға, ғылыми ортаға кеңінен насиҳаттап жүрген Сартқожаұлы Қаржайбайдың [9], тіл маманы Базылхан Бұқатұлының да біршама ғылыми зерттеу еңбектері сонау түркі дәуірінен бастау алатын көне мәдениеттіміздің маңызын ашып беруге көмектесті [10].

Бұдан басқа да Монголияда туып өсken тарихшылар өз еңбектеріндегі біздің зерттеу обьектімізге қатысты жекелеген тақырыптар мен мәселелерге тоқталып өтеді. Монголия қазақтарының этникалық құрамының зерттелу мәселесі және Монголия қазақтарының қоныстану тарихы мен географиялық орналасуы мәселелерінің зерттелуі жөнінде біршама зерттеулер баршылық.

Алтай тауының теріскей бетіндегі кеңістікте табан тіреген қазақтар этнобио, этномәдени, қоғамдық дамуда кеңістік пен уақыт белгілерінің табиғи бірлігінде қазақ этникалық тобы ретінде XIX ғ. ортасында тарих сахнасында пайда болып, Монголияның батыс өлкесінде Монголия қазақтары деген ұғымды қалыптастырыды. Монголиядағы қазақтардың ру-тайпалық құрылымын негізінен Абак Керейлер құрайды.

Алайда, XIX ғ. аяғы-XX ғ. алғашқы жартысында әр кезеңде әрқиыттағынан Монголияға қоныс аударған найман, уақ, арғын тайпаларының өкілдерімен толықты.

Бұл мәселеге қатысты А. Минис [11], Асқанбайұлы Сарай «Революциядан бұрынғы Монголия қазақтарының тарихы» [12], Ислам Қабышұлының «Керейлер керуені», «Тұран әлемі» [13-14], Құрметхан Мұхамадиұлының «Монголиядағы қазақ этникалық тобының қалыптасуы және дамуы» [15] – атты диссертациясын және т.б. еңбектерді ерекше атап айтуда болады.

